

Қазақстан Республикасының Парламентінде

«_____»

**Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарау барысында
бастама жасалатын түзетулер бойынша мемлекеттік органдардың
келісілген ұстанымы**

1. Түзетулердің сипаттамалық бөлігі _____

бұл бөлікте түзетулер негізділігіне, орындылығына және қажеттігіне баға беріледі.

Түзетулерді бағалау кезінде мыналар ескеріледі:

1) түзетулерде қолданыстағы заңнамада реттелген құқықтық қатынастар регламенттелмеуге тиіс;

2) түзетулер құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс;

3) түзетулер заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлік субъектілерінің сараптамалық кеңестерінің түзетулеріне ұсыныстар мен ескертулер туралы мәліметтер:

3. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер:

Түзетулер бойынша мемлекеттік органдардың келісілген ұстанымында мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін нормалар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Түзетулер мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің ұлғаюы немесе кіріс бөлігінің қысқаруы себебінен қолдау таппайтын жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының осындай шығын қолдау таппаған отырысының күні мен хаттамасының нөмірі көрсетіледі. Мемлекеттік кірісті ықтимал қысқарту немесе мемлекеттік шығысты ұлғайту бөлігінде қаржылық-экономикалық есеп-қисап бар болса, әзірлеуші оларды түзетулер бойынша келісілген ұстанымға қоса береді.

4. Үкімет құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін немесе Үкімет құрылымына кірмейтін орталық мемлекеттік органдар арасындағы келіспеушілік (болған кезде): _____